

## **СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ЕРЕЖЕСІ**

## 1. Жалпы ережелер

Ереже жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жатақханалардағы орындарды бөлу қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы №219 бұйрығының негізінде жасақталды.

1.1. №1, №2, №3 студенттер үйі және Жастар үйі (*бұдан әрі – Студенттер үйі*) оқу кезеңінде шетелден, басқа қалалардан, облыстардан және шалғай аудандардан келген білім алушыларды орналастыруға арналған (қала аумағындағы елді мекендерде тұратын білім алушылар қарастырылмайды).

1.2. Студенттер үйінде тұру үшін қажетті санитарлық жағдайлар қамтамасыз етіледі.

1.3. Студенттер үйінде рұқсат етілмеген білім алушыларға тұруға тыйым салынады.

1.4. Студенттер үйіне білім алушылар мен қатар профессор-оқытушылар мен қызметкерлер орналаса алады.

1.5. Студенттер үйі санитарлық нормаларға сәйкес демалыс бөлмесімен, санитарлық-гигиеналық бөлмелермен қамтамасыз етіледі.

1.6. Студенттер үйінің материалдық базасын нығайту, дамыту, тұрғындардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру бойынша жалпы басшылық жұмыстары Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаменті және Әкімшілік - шаруашылық қызмет департаментіне жүктелген.

1.7. Студенттер үйіне білім алушылардың орналасуына арнайы комиссия құрылып, туындаған мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

1.8. Студенттер үйінің тұрғындары мен университет әкімшілігі арасында жалдау келісім шарты жасалынады (*келісім шарттың нұсқасы қоса беріледі*).

1.9. Студенттер үйіне білім алушылардың өтінішін қабылдау әр оқу жылының тамыз айында мобильдік қосымшасы арқылы қабылданады. Білім алушының өтінішін қарау мерзімі өтінім берілген күннен бастап 2 жұмыс күнін құрайды. Бос орындар туралы осы мобильдік қосымша арқылы бақыланады.

## 2. Студенттер үйіне орналастыру немесе шығару тәртібі

2.1. Студенттер үйіне орналасу бойынша орындар төмендегі тәртіпке сәйкес беріледі:

- жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған білім алушылар (ақылы негіздегі оқитын білім алушылар ақысыз орналасады, мемлекеттік грант негізінде оқитындарға Мемлекет осы Қағидалардың 12-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген санаттағы азаматтарға жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу кезеңінде жатақханаларда тұрғаны үшін «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысына сәйкес жылына 2023 жылғы 1 қаңтардағы

жағдай бойынша белгіленген жиырма тоғыз айлық есептік көрсеткіштен аспайтын шығыстарын өтейді.), сондай-ақ кәмелетке толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастардың қатарындағы Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар;

- үшінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, біреу немесе екі ата-анасының мүгедектігі бар адамдар, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алатын адамдар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алатын адамдар, жеңілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне теңестірілген ардагерлердің, ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түскен ауыл жастары арасынан шыққан адамдар, қандастар, сондай-ақ мемлекеттік ЖЖОКБҰ немесе дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі ЖЖОКБҰ-да немесе мемлекеттік білім беру тапсырысы орналастырылған ЖЖОКБҰ-да оқудың бірінші жылында мерзімді әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткерген Қазақстан Республикасының азаматтары.

- «Мәңгілік ел жастары – индустрияға!» («Серпін – 2050») жобасы шеңберіндегі білім алушылар;

- «Алтын белгі» иегерлері болып табылатын бірінші курсқа қабылданған білім алушылар, Президенттік, халықаралық және республикалық олимпиада және/немесе конкурс жеңімпазының немесе жүлдегерінің сертификатын иеленген білім алушылар, сондай-ақ оқу орнын үздік бітірген, білім туралы растайтын құжаты бар (куәліктер, аттестат, диплом) талапкерлер;

- мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес оқуға қабылданған, Ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу, пәндер бойынша түсу емтихандары немесе білім беру ұйымы өткізген тестілеу нысаны бойынша жоғары балл алған білім алушылар.

- ұлттық бірыңғай тестілеу немесе Кешенді тестілеудің, білім беру ұйым өткізген пән бойынша немесе тестілеу түріндегі қабылдау емтихандарының қорытындылары бойынша тең балл жинаған кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 64 қаулысымен бекітілген Мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді талап ететін отбасылардан шыққан балаларға және өзге де санаттағы білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен оларды есепке алу қағидаларына сәйкес білім алушының материалдық жағдайы ескеріледі;



- оқу, ғылыми және қоғамдық жұмыста жоғары нәтижелері бар жоғарғы курс білім алушылары;

- ЖЖОКБҰ-ның өзге де білім алушылары.

- «Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-тың 2023-2027 жылдарға арналған Даму бағдарламасының Негізгі бағыт 1 – «ЖОО базасында құрылған шетелдік филиалдардың бағдарламалары бойынша білім алушылар контингенті» және 3.2-міндетіне сәйкес, ол академиялық ұтқырлықты дамытуға және шетелдік білім алушылар контингентін ұлғайтуға бағытталған, шетелдік білім алушыларды тарту мақсатында Heriot-Watt халықаралық факультетіне қабылданған шетелдік білім алушыларға Студенттер үйлерінде тегін орналастыру көзделеді.

2.2. Студенттер үйіне орналасу білім алушылар университеттің мобильдік қосымшасы арқылы Студенттер үйінде орын беру құқығын растайтын құжаттарды электрондық форматта (*pdf, jpeg, png*) қоса жалғап, өтініш береді (*жеке куәлік, әлеуметтік жағдайын растайтын құжаттар (анықтамалар), студенттер үйінде тұрғаны үшін төлем түбіртектері*). Студенттік емханадан денсаулық жағдайы туралы анықтама білім алушы орналасуға рұқсат алғаннан кейін жүзеге асырылады.

2.3. Әр ай сайын Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің қызметтік хаты немесе студенттер үйінің хаттамасы арқылы және Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректордың бұйрығы негізінде студенттер үйіне білім алушыларды орналастыру және шығару, төлемді қайтару процестері жүзеге асырылады. Бұйрықтар орындалуы мен есепке алынуы үшін Бухгалтерлік есеп және есептілік департаментіне жіберіледі.

2.4. Орналастырғаннан кейін Студенттер үйінің меңгерушісі студенттерді Студенттер үйінің мекен-жайы бойынша Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша тіркеуді қамтамасыз етеді.

2.5. Студенттер үйінен білім алушыларды шығару проректордың бұйрығымен жүзеге асырылады:

- Білім алушының жеке өтініші бойынша;
- студенттер үйінің студенттік кеңесінің шешімі негізінде (ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайда);
- білім алушы университеттен шығарылған кезде;
- оқу жылының соңында.

2.6. Студенттер үйінен шығарылғаннан кейін студенттер үйінің меңгерушісі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес білім алушыны уақытша тіркеуден шығарады.

### **3. Студенттер үйінде тұратын білім алушылардың құқықтары мен міндеттері**

#### **3.1. Студенттер үйінің тұрғындарының құқығы мен міндеті:**

1. Білім алушының өтінімі расталғаннан кейін орналасу алдында келісімшартпен танысып, қол қоюы, егер білім алушы 18-ге толмаған жағдайда ата-анасымен таныстырылып, қол қойылуы.

2. Оқу мерзімі ұзартылатын болса ішкі ережелерге сәйкес оқу жылы ішінде ереже бойынша бекітілген бөлмеде (*секцияларда, бөлмеде*) орынын сақтай отыра тұру мерзімін ұзартуға.

3. Студенттер үйінің білім беру және мәдени мақсаттағы нысандарын, жабдықтарын, құралдарын пайдалануға.

4. Студенттер үйінің кеңесін сайлауға және оның құрамына сайлануға.

5. Білім алушы студенттер үйінің жылдық тұру ақысы 100 пайызын өтінімі расталған сәтте төлейді (әр оқу жылының 10 айына есептеледі).

6. Бір отбасынан шыққан (туған) білім алушылар бірге орналаса алады.

7. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы, басқа жоғары оқу орнына ауысу немесе өз еркімен оқудан шығу және академиялық демалысты рәсімдеу (оқу бөлімінің көрсетілген бұйырықтары негіздеме) студенттер үйінен тұру мерзіміне төлем сомасын ұстай отырып, ағымдағы оқу жылы үшін алдын ала төленген төлем сомасын қайтаруға міндеттеледі. Төлем ақысын қайтарып алу мобильдік қосымша арқылы және жауапты проректордың бұйрығының негізінде жүзеге асырылады (студенттер үйінің меңгерушісі нақты шыққан уақыт көрсетіп, растау және әлеуметтік мәселелер және жастар департаментінің растауы мен студенттік бухгалтерияның нақты қайтарылатын сумасын көрсетуі негізінде).

8. Білім алушы студенттер үйіне орналастырылғаннан кейін 48 сағат ішінде шығу шешімін қабылдаған жағдайда, төленген қаражат қайтарылады. Ақша қайтарудың негізі – жалдаушының жатақханада әрі қарай тұрудан бас тартуы туралы өтініші болып табылады.

9. Студенттер үйі туралы ережені, қауіпсіздік шаралар туралы, өрт қауіпсіздігі туралы және санитарлық ережелерді және келісімшартты қатаң сақтау.

10. Студенттер үйінің бөлмелеріне, жабдықтары мен құралдарын ұқыпты ұстау, энергия мен суды үнемді пайдалану, бөлмелер мен жалпы аумақтарды таза ұстау, бөлмеден шыққан кезде терезелерді жабу, жарықты, суды, электр аспаптарын өшіру.

11. Бөлмелерде күнделікті тазарту жұмыстарын жүргізу.

12. Студенттер үйінің тұрмыстық техникаларын немесе құрал-жабдықтарына материалдық зиян келтіргенде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (ҚР АҚ, 917-бабына сәйкес) және келісімшартқа сәйкес келтірілген материалдық зиянды өтеуге.

13. Түнгі 22.00-ден 9.00-ге дейін тыныштық режимін сақтау, тыныштық сақталмаған жағдайда Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 437-бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

### **3.2. Тұрғындар сабақтан тыс уақытта қатыса алады:**

1. Студенттер үйінің аумағына абаттандыру мен көгалдандыру жұмыстарын жүргізу;

2. Университеттің немесе студенттер үйінің қоғамдық іс –шараларына белсене қатысу.



**3.3. Студенттер үйінің ережелерін бұзуға қатаң тыйым салынады және студенттер үйінің ережелерін бұзғаны үшін тәртіптік шаралар қолданылады, олардың түрі құқық бұзушылық сипатына байланысты:**

**3.3.1. Төмендегі бұзушылықтар үшін қатаң сөгіс тәртіптік жазасы тағайындалады:**

1. бірнеше рет себепсіз кешігіп келу;
2. бөлмеден бөлмеге себепсіз көшу;
3. 3 түсініктемеге дейін болуы;
4. теледидар, радиоқабылдағыштар, магнитофондар және басқа да шулы құрылғыларды бөлме ішінде пайдалану және түнде дыбысты қатты шығарып ән салу, шулау;
5. бөлмелердегі есіктердің құлыптарын өз еркімен ауыстыру немесе оларды қосымша орнату;
6. бөлмеде электр жылытқыштарын және рұқсат етілмеген маркалы ұзартқыштар пайдалану;
7. қоқыс жәшіктерін бөлмеде ұстау;
8. ескертусіз және орынды себепсіз студенттер үйіне жүйелі түрде келмеу.

**3.3.2. Студенттер үйінен шығаруға төмендегі өрескел бұзушылықтар негіз болады (қатаң сөгіс немесе түсініктемелердің болмауы өздігінен шығару негізі болып табылмайды):**

1. білім алушылардың қадір-қасиетін қорлау, төбелес немесе соған сәйкес әрекеттерге бару, ұрлық фактілері (полиция департаментінен ұсыным хат немесе хабарлама алу);
2. қызметкерлерге дөрекі таныту және балағаттау;
3. дәлелді себепсіз 10 күннен артық келмеген жағдайда, тағайындалған орын сақталмайды және білім алушы шығарылуы;
4. бөлмелерде, дәліздерде және жалпы аумақтарда темекі шегу;
5. бейтаныс адамдарды (немесе өзі) кіргізу немесе шығару (есік, терезе және т.б. жерлерден) және түнгі уақытқа қалдыру;
6. студенттер үйінде ішінде ішімдіктер ішу немесе мас күйінде келуі (алькоголдік әсері бар сусындар) мен құмар ойындарын ойнау, соның ішінде карта ойындарын ойнау;
7. есірткі және психотроптық заттарды сақтау, пайдалану және тарату;
8. суық, газ, травматикалық және атыс қаруының кез келген түрін сақтау және тасымалдау;
9. діни экстремизм шараларын өткізу;
10. студенттер үйінің ережесін өрескел бұзу фактілері туралы білім алушылар жасырған жағдайда университет әкімшілігі жатақханадан шығарылғанға дейінгі шараларды қолдану;
11. өрт қауіпсіздігі ережелерін немесе электр құрылғыларын пайдалану бойынша нұсқаулық бұзылған жағдайда (өрт қауіпсіздікке арналған батырмаларды басу).
12. оқу жылы аяқталғаннан кейін білім алушылардың арасында құқықбұзушылық, ішкі тәртіп ережесін бірнеше мәрте бұзған, ережеге сәйкес бөлмелерін лас күйінде тапсырған білім алушыларды студенттер үйінің

меңгерушісі қара тізімге енгізеді (акт журналы, хаттама, фото, видео дәлелдер негізінде). Алдағы оқу жылдарында студенттер үйіне орналасу мүмкіндігін шектейді.

**3.4. Студенттер үйінде ішкі тәртіп ережелерін бұзып студенттер үйінен шығарылған жағдайда алдын ала төленген төлем сомасы қайтарылмайды. Алдағы оқу жылдарында студенттер үйіне орналаса алмайды.**

#### **4. Жауапты құрылымдық бөлімшелердің міндеттері**

4.1. Университеттің жауапты құрылымдық бөлімшелері міндетті:

1. білім алушыларға тұру мен демалуы, өз бетімен оқуы (*оқу залы және т.б.*), мәдени-сауықтыру шараларын ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті жағдайларды жасау;

2. студенттер үйінің нормаларына негізделген жабдықтармен, жиһаздармен, төсек -орындармен және басқа да жабдықтармен жабдықтау;

3. студенттер үйін техникалық қызмет көрсететін персоналмен қамтамасыз ету (*күзетшілер, тазалаушылар, электриктер, сантехниктер және т.б.*);

4. санитарлық ережелерге сәйкес қажетті жылу жағдайлары мен жарықтандыруды қамтамасыз ету;

5. студенттер үйіне күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын уақтылы жүргізу;

6. студенттер үйінің аумағында белгіленген өткізу режимін қорғауды қамтамасыз ету және сақтау;

7. жедел медициналық көмек пунктін және жедел ауру жағдайында тұрғындарды уақытша қондыру үшін оқшаулағышты орналастыруды қамтамасыз ету (*дәрігерлердің ұсынысы бойынша*).

#### **5. Студенттер үйінің меңгерушілерінің жауапкершілігі**

5.1 Студенттер үйінің қызметкерлерін тікелей басқару;

1. студенттер үйіне орналастыру барысында білім алушыларға студенттер үйінің ішкі тәртіп ережесі және келісімшартымен жекелей таныстыру;

2. тұрғындарды қажетті құрал-жабдықтармен және инвентарлармен қамтамасыз ету, санитарлық нормаларға сәйкес төсек-орын ауыстыру;

3. студенттер үйінің үй-жайларын (*жалпы пайдалану, тұрғын емес*) және оның аумағын тиісті тазалық пен тәртіпте ұстау;

4. тұрғындардың тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі ұсыныстарын әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментіне (*департамент директоры*) жеткізу;

5. тұрғындардың студенттер үйінің ережесін бұзған жағдайы туралы факультет декандарына, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің басшысына хабарлау;



6. тұрғын үйде тұратын студенттерді уақытша тіркеуге тұруын қамтамасыз ету;

7. студенттер үйінің студенттік кеңесіне өзін-өзі басқаруды дамытуға, білім алушылардың бос уақыттарын тиімді пайладануға (тәрбие бағыты бойынша іс-шараларды ұйымдастыруға) ықпал жасау;

8. студенттер үйінің тұрғындарының ережені сақтауы және жалпы студенттер үйінің ішкі тәртіп ережесін сақтауды қадағалау;

9. студенттер үйінің меңгерушісі студенттер үйіне жауапты құрылым басшысымен бірлесе отырып, тұрғындардың тұрмыс тіршілігіне және студенттердің бос уақыттарын тиімді ұйымдастыруға көмек көрсеткені үшін және студенттер үйіне орналастыру барысында кеңесші қызметін атқарғаны, студенттік кеңес құрамы және қабат старосталары мен басқада белсенділерді ынталандыру мақсатында әр түрлі деңгейдегі марапаттауға және 1 оқу жылында тегін орналасу үшін Әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректорға қызметтік хат арқылы ұсынады. Проректор «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы ережесінің комиссия құрамына жолдап, шешімі шығарылады;

10. «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ білім беру қызметтеріне ақы төлеу бойынша жеңілдіктер беру туралы ережесіне сәйкес студенттер үйінде белсенділігі үшін 1 (бір) оқу жылына тегін тұруға рұқсат алған білім алушы ішкі тәртіп ережесін бұзса, көрсетілген жеңілдік түрі тәртіп бұзғаны туралы хаттамаланып, бұйрық шыққан күннен бастап жеңілдік күші жойылып, студенттер үйінің тұру ақысын төлейді (тұру ақысы бұйрық шыққан күннен бастап есептеліп төленеді).

## **6. Студенттер үйінің бақылау жүйесі**

6.1. Орналасқаннан кейін тұрғындардың рұқсатнамасы мобильдік қосымша арқылы көрсетіледі.

6.2. Студенттер үйіне кіруге және шығуға 15 сәуірден 15 қазанға дейін сағат 6.00-ден 23.00-ге дейін, қалған уақытта 6.00-ден 22.00-ге дейін, белгілі бір себептермен студенттер үйінде болмайтын жағдайларда студенттер меңгерушіні ескерту керек, осыған орай жазба журналы жасалады.

6.3. Тұрғындардың туыстары мен қонақтары жеке басын куәландыратын құжаттарды ұсынуы керек. Студенттер үйіне білім алушылардың туғандары мен оған келушілер студенттер үйінің меңгерушісінің рұқсатымен және студенттің қатысуымен кіруге болады. Бұл жағдайда кіреберістегі кезекші (*күзетші*) журналға тиісті жазба енгізеді.

6.4. Студенттер үйінде тұратын студенттердің туыстары студенттер үйінің әкімшілігі белгілеген уақытта кіруі мүмкін. Туыстарының уақтылы кетуіне және олардың ішкі тәртіп ережелерінің сақталуына студенттер үйінде тұратын студент жауап береді. Студенттер үйінде бөгде адамдарды түнде қалдыруға тыйым салынады.

6.5. Студенттер үйінен үлкен заттарды шығару студенттер үйінің меңгерушісі берген арнайы рұқсатнамасы бойынша рұқсат етіледі. Үлкен



заттарды шығарар кезде студенттер үйінің меңгерушісі арнайы журналға тіркеуі керек.

## 7. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі

7.1. Студенттер үйінде студенттік тәртіптік кеңесі тұрғындар арасынан өз еркімен өтінім білдірген немесе тұрғындардың ортақ шешімімен сайланған құрамнан құрылады. Кеңес құрамында әр қабаттан немесе секциядан ұсынылған кандидаттар қатысады. Кеңеске қатысуға өтінім берген барлық тұрғындар туралы ақпарат тіркеліп, бекітілген ережелерге сәйкес қаралады.

7.2. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі студенттер үйінің тұрақты өкілдік органы болып табылады және студенттер үйінің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес жұмыс істейді. Кеңес өз қызметінде ашықтық, әділдік және тұрғындардың мүдделерін бірінші орынға қою принциптерін басшылыққа алады.

7.3. Кеңестің негізгі мақсаттары:

- тұрғындардың өзін-өзі басқару дағдыларын қалыптастыру;
- білім алушылардың басқаруға қатысты құқықтарын қамтамасыз ету;
- қабат старосталарының жұмысын үйлестіру;
- студенттер үйінің қоғамдық іс-шараларына тұрғындарды тарту.

7.4. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесінің негізгі міндеттері мен құқықтары:

- студенттер үйінде тұратын білім алушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және ұсыну;
- студенттер үйінде тұру ережелерін түсіндіру бойынша профилактикалық және ақпараттық жұмыстар жүргізу;
- студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау және жаңа жобаларды іске асыруға жәрдемдесу;
- тұрғындардың әлеуметтік мәселелерін шешуге көмектесу, қажетті жағдайларда университет әкімшілігіне ұсыныстар жасау;
- студенттер үйінің әкімшілігімен келісу арқылы білім алушыларды дәлелді себептермен көшіру, ауыстыру немесе шығару мәселелерін ұйымдастыруға қатысу (қызметтік хат немесе кеңес хаттамасы негізінде);
- тұрғындар арасындағы жанжалдарды реттеуге және ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайларды қарауға қатысу;
- студенттер үйінде тұру жағдайларын жақсарту бойынша университет әкімшілігіне ұсыныстар енгізу;
- студенттер үйінде мәдени-тәрбиелік, әлеуметтік және спорттық іс-шараларды ұйымдастыруға қатысу;
- тұрғындардың пікірлері мен ұсыныстарын жинау, талқылауға шығару және шешімдер қабылдау процесіне қатыстыру;
- тұрғындар арасында тәртіпті сақтау бойынша профилактикалық іс-шараларды жоспарлау және өткізу.

7.5. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесінің мүшелері тұрғындардың дауыс беруімен сайланады. Қабат және секция старосталары қабаттағы білім алушылардың жалпы жиналысында сайланады. Кеңестің

құрамы студенттік парламент арқылы бекітіледі. Кеңес мүшелерінің міндеттері мен құқықтары туралы ақпарат барлық тұрғындарға жарияланады.

7.6. Отырыста талқылауға шығарылған мәселелер бойынша шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Отырыс барысында талқыланған ақпарат басқа тұрғындарға таратуға жатпайды. Кеңестің отырыстары жоспарлы түрде өткізіледі, олардың хаттамалары ресми түрде тіркеледі.

7.7. Қабат және секция старосталары студенттер үйінің меншігі мен жабдықтарына ұқыпты қарауын, тұрғын үй-жайларды таза және тәртіпті ұстауын қадағалайды. Тұрғындардың студенттер үйіне рұқсатсыз және себепсіз 10 күннен астам уақыт келмеуін бақылап, студенттер үйінің меңгерушісіне хабарлайды. Жүйелі түрде мониторинг жүргізіліп, бақылау сақталады.

7.8. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесінің құрамы:

- кеңес төрағасы;
- кеңес мүшелері;
- қабат старосталары (секциялар).

7.9. Кеңес төрағасы кеңес мүшелерінің арасынан ашық немесе жасырын дауыс беру арқылы екі жылға дейінгі мерзімге сайланады.

7.10. Студенттер үйінің студенттік тәртіптік кеңесі студенттер үйіне, әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментіне, университет әкімшілігіне бірлесе жұмыс істейді. Университет әкімшілігі, департамент және факультет қызметкерлері кеңес отырыстарына қатыса алады.

7.11. Кеңес университет басқармасымен ынтымақтастық принциптері негізінде жұмыс істейді. Университет ректоратының және басқа құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері кеңес отырыстарына қатыса алады.

7.12. Кеңес құқылы:

- тұрғындардың мүдделеріне қатысты әлеуметтік және тұрмыстық мәселелерді қарауға қатысу;
- ішкі тәртіп ережесін бұзған жағдайларды қарауға қатысу;
- университет әкімшілігіне студенттердің өтініштері мен шағымдары бойынша ұсыныстар енгізу;
- кеңес қызметінің тиімділігін арттыру үшін ұсыныстар беру және жаңа жобаларды талқылауға шығару.

7.13. Кеңес міндетті:

- студенттердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және ұсыну;
- студенттер үйінде тұру ережелеріне сәйкес студенттерге түсіндіру жұмыстарын жүргізу;
- студенттер үйінде тұратын студенттердің барлық өтініштері мен ұсыныстарын уақтылы қарау;
- студенттер үйінде тұратын студенттердің әлеуметтік маңызды бастамаларын қолдау;